

АЛЫП ТҰЛҒАНЫҢ ТУҒАН ЖЕРДЕГІ ТЕБІРЕНІСІ

«Кітап қалай жазылса, оны солай оқу керек» деген бар. Бұл сөз арқылы жазушының еңбегін көз алдымызға елестете аламыз. Ел руханияты үшін, халық әдебиеті үшін бар өмірін сарп еткен тұлғаларымыздың өмір жолы әрқашан ұрпақ назарында. Қазіргі қазақ әдебиетінің абызы саналатын Әбдіжәміл Нұрпейісов биыл 92 жасқа қадам басты. Басынан небір зұлмат жылдарды өткерген абыз Әбең - қазақ әдебиетінің алтын дінгегі. Осындай ірі тұлғаны ардақтау мақсатында көптеген іс-шаралар облыс көлемінде өткізіліп келеді. Солардың бірі өткен сенбіде Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қазақстанның халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовпен оқырмандардың кездесу кеші өтті. Шараға облыс әкімі Қ.Көшербаев, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мәдениет қызметкерлері мен студент жастар қатысты. Кешті филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым Бағдат Кәрібозов жүргізді. Шарада алғашқы болып сөз кезегін алған аймақ басшысы Ә.Нұрпейісовтің жүріп өткен жолына тоқталып, әдебиет әлеміндегі атқарған жұмыстарын атап көрсетті.

«Сыр елі үшін бүгін үлкен мереке. Арал теңізінің құйқалы пұшпақ, құйынды топырағында туып-өсіп, қазақ әдебиетінің абызына, әлемдік әдебиеттің көркемдік өкіліне айналған жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жерлестерімен кездесуінің сәті түсіп отыр. Құрметті Әбе, туған жерге қош келдіңіз! Елге келген сапарыңыз жаныңызға қуат, бойыңызға демеу болғай», - деп облыс әкімі жазушыға жылы лебізін жеткізді.

Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылдың 22 қазанында Қызылорда облысы, Арал ауданы, Үшкөң ауылында дүниеге келген. Тоқсанды толтырған абзал ағаның «Қан мен тер» шығармасы қалың көпшілікке етене жақын. Жазушының тұңғыш шығармасы – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Қурляндия» романы. «Қурляндия» романы кейіннен өңделіп, толықтырылып, 1958 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта жарияланған. «Қан мен тер»



трилогиясы және «Сең», «Соңғыпарыз» романдары дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған. «Қан мен тер» трилогиясы ағылшын, орыс, француз, испан, чех, румын және түрік тілдеріне тәржімаланса, «Соңғы парыз» шығармасы ағылшын тіліне аударылып, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылды. Аударма ісі жойылудың алдында тұрған кезеңде, бұл жаңалықтың маңызы зор. Жазушының болмысын белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбектің мына сөзінен айқын аңғаруға болатын секілді. «Ұлттың бір ғасыр аясындағы тарихи-әлеуметтік болмысын көркемдікпен кестелей алған, ол еңбегі адамзаттың рухани игілігіне айналған, сөйтіп, қазақ халқының өзін-өзі тануына, өзгенің ұлықтауына себепші болған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің кемеңгерлігі осылай болса керек». Өткен ғасырдың алғашқы жартысында жазылған «Қан мен тер» - қазақтың мәдени, рухани деңгейін әлемге танытқан, халықтың мұңы мен сырын, үміті мен арманын паш еткен бірегей туынды. Ә. Нұрпейісовтің шығармалары әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Кездесу кешіне келген кітапсүйер қауым

үшін мәдениет үйінде жазушының туындылары қойылған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде жазушының әр жылдарда жазған шығармалары, жазушы жайында жазылған мақалалар мен тарихтан сыр шертетін естеліктер қойылды.

«Мен 92 жасқа аяқ бастым. Бүгін елге келіп, жерлестеріммен, оқырмандарыммен кездесіп отырғаным өте қуаныштымын. Әсіресе, кездесуге жастардың көп келгені көңілге қуаныш ұялатады. Сондықтан, осы жастарға адал болыңдар, көп оқып, алған білімдеріңізді ел игілігі үшін жаратыңдар дегім келеді. Кеш барысында көкейлеріңде жүрген сауалдарың болса, мен жауап беруге дайынмын», - деді жазушы.

Кездесуге келген кітапсүйер қауым Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармаларына, жазушының жеке өміріне қатысты сұрақтарын қойып, толғандырып жүрген сауалдарына жауап алып жатты. Сонымен қатар, оқырмандар тарапынан кемеңгер жазушыға жылы лебізін, ақ тілегін жаудырып жатқандар да болды.

Рыскелді ЖАХМАН

ӨНЕР «ҚОҚЫС ЖӘШІГІНЕ» АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Мәдениет министрлігі
бұдан шығудың
жолын іздер ме екен?

Еліміздің «Мәдениет туралы» Заңында былай делінген, анығы 11-бапта: «Азаматтар қазақ халқы мен этностық топтардың ұлттық мәдениетін әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді құрметтеуге міндетті». Сіздіңше осы заң талабының орындалуы қаншалықты деңгейде? Әсіресе, өнер мен мәдениеттің төңірегінде бұл заңның қауқары қандай? Біздіңше, төмендегідей.

Өңгіменің төтесін айтқан жақсы, қазір жоғарыдағы Заңына екіншісі бірі пысықра бермейді. Соның кесірінен ұлттық ұстаным аяққа тапталып, идеялогия рухани тұрғыдан жұтандап барады.

Біріншіден, ұлттық идеялогияның тұтқасына айналуы тиіс кино өндірісінің жағдайы мүшкіл. Салихалы дүниелер саусақпен санарлық, ал тілі я орысша емес, я қазақша емес қойыртпақ бірденелер қаптап кетті. Тәрбиелік мәні, көркемдігі, әртістердің актерлік шеберлігі тұрасында сөз қозғамай-ақ қойдық (Сондай-ақ бұл тізімді түзіп жатудың қажеті шамалы). Сорақысы - дүние жүзі бойынша екі тілде кино түсіретін жалғыз біз шығар. Біздіңше, қазақша және орыс тілін араластырып кино түсіру – тілді құрметтемеу. Қайдан шыққан сән екені белгісіз, анаусы да сол, мынауы да сол. Орысқа еліктейді екен, мақұл, ең болмаса дұрыстап еліктемей ме? Көршіміз қай киносын жартылай орысша, жартылай ағылшынша түсіріпті?

2-бетте

БҮГІНГІ САНДА

БАҚПАСАН
МАЛ КЕТЕДІ
2-бетте

АЛАШ ЖАСАҒЫНЫҢ «АҚ» ПЕН
«ҚЫЗЫЛ» АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

7-бетте

АЛЫПТАР ШЫҒАТЫН АУДАН

8-бетте



ӨНЕР «ҚОҚЫС ЖӘШІГІНЕ» АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Мәдениет министрлігі бұдан шығудың жолын іздер ме екен?



Елбасының өзі «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп әуре. Бұлар болса, кері кетеді. «Ілгері кеткеннің иті оттайды, кері кеткеннің келіні ұрлық қылады» дейді қазақ. Сондықтан, қазақ қоғамында мемлекеттік тілдің мәртебесі асын десек, шығармашылық ұжымдарды мемлекеттік тілді құрметтеуге міндеттеп, олардың туындыларына бақылауды күшейту керек.

Екіншіден, әлгіндей сапасы жоқ дүниелерді телеарналардан көрсетуге тыйым салмаса, еңбегін – еш, тұзың – сор.

Үшіншіден, өнер адамдарына қатысты. Қазіргі қазақ эстрадасында жанды дауыспен ән айта алатын, ән құдыретін талантымен сезіндіретін әншілер, құдайға шүкір, бар. Бірақ, сирек. Оларды халық сыйлайды, құрметтейді. Ал, әнді «жансыз» айтатындар деген, құдай-ау, аяқ алып жүре алмайсың. Жүздеп емес-ау, мыңдап саналады. «Қой дейтін кожа, әй дейтін ажа жоқ», ойларына келгенін ән ғып айтады. Егерәки, сахнаның төрін бермей жүрген ондайларды фонограммасыз ән айтқызсақ бар ғой, ой бір қызықтың көкесі болар еді. Мейлі, «байдың малын байғұс қызғанады» болмасын, айта берсін. Десе де, Қытай мен Өзбекстан секілді фонограммамен айтуға да заңмен тыйым салу керек-ақ. Сонан кейін әннің сөзіне мән бермеу сәнге айналды. Қазақ эстрадасында бір шумақтан тұратын патриоттық ән

шырқайтын Кентал деген атақты бар. Ән деуге ауыз бармайды, амал жоқ, сөздің реті. Осы әнді естігенде жұрт шалқасынан түсті. «Құлақтан кіріп, бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй» деп жүргеніміз әншейін екен, өнерді өмір деп білетін біраз адам есінен танып, жүйкесі сыр берді. Сыр бермей қайтеді, айдың-күннің аманында сахнада біреу «Аман бол, халқым» деп секендеп жүрсе.

Өнер қай кезде өнер? Рухани өмірдің қажетіне жараса ғана. Өнер – талап пен талғам ұштасқанда өнер. Ол болмайды екен, қалғаны - өнерді мазақ қылу, ұлтыңды, еліңді мазаққа қалдыру.

«Қандала шақса, бүргемем жылап көрісесің» демекші, соңғы кезде МС Сайлаубек деген шықты. Кентал десе сақинасы ұстайтындар МС Сайлаубекті көрді де, қос қолын төбесіне қойып, өмірден безіп кетті. Оқырмандарға түсінікті болу үшін айта кетейік, қазір қазақ эстрадасы МС Сайлаубек деген рэпермен толықты. Өзінің айтуынша, Қазақстанды көтеріп, биікке шығаратын мықтының өзі. Негізінде, бұл Сайлаубегіңіз ащы суды суша сіміріп жүрген жерінен шоу-бизнесің ортасынан бір-ақ шыққан сабаз. Қазір бір бейнебаян түсіріп үлгерді, үйлену тойларының сәні. Әні қандай дейсіз ғой! Ән деп Сайлаубектікін айт! Бірде-бір сөзінің мағынасы жоқ. Рахат, сөзін түсінем деп басыңды ауыртпайсың. Айтқың келсе де қиналмайсың, аузыңа

келгенін сандалай бер. Бастысы – сөзіңді адам түсінбейтін болсын. Қош, сонымен МС Сайлаубек әлгі түсірген бейнебаянын «Қазақстанды көтереміз» деп бастайды да, «кимәнабек» (нақты қалай жазылатынын Сайлаубектің өзі біледі) деп шырқап береді дейсін.

Күлеміз-ау, қазақтың жеткен жері – осы. Қазіргі жастарымыздың есіл-дерті - «шлэктана флэкта» (Сайлаубектің репертуарындағы сөзсымақтар). Ойбай-ау, енді кім аяқ астынан жұлдыз болғысы келмейді. Оқып-тоқып, жұмыс істеп, жан қинап не керек, елу грамыңды тартып ал да, «синема флет» де. Бітті, ертеңнен бастап тойға шақырту аласың. Біздегі өнер, біздегі шоу-бизнес дегеннің бір көрінісі – сол әне. Сәл-пәл еңбектенгің келсе, Кенталдан үлгі аласың. Тыңнан түрен соғам деушілер болса, әндеріне «чик-пик, кіс-кіс, пах-пах» дегенді қосуларына болады.

Ал, енді не болды? Ұлттық намыс қайда, ана тілді құрметтеу, әдеп-ғұрып ше? Ұзын-сөздің қысқасы, өз өнерін насихаттап жүргендерді бетімен жіберуді доғару керек.

Қазақтың құрып қалған жері – біреуге еліктесе, біреуден бірдене көшірсе, байыбына бармайды, жақсыға ұмтылмайды. Былтыр Ресейде өнер туындыларына қатысты нормативсіз лексикаға тыйым салу туралы заң күшіне енді. Енді әдебиет пен өнер туындыларын көпшілік алдында орындағанда дөрекі, анайы сөздерді қолдануға болмайды. Заңға бағынбайды екенсің, 100 мың рубльге дейін айыппұл салады. Көрдіңіз бе, өнерді өрістетіп, тілді биіктетудің тетігі қандай? Ал, біздегілер мұны көшірмек түгілі, кәлласына да кіріп-шықпайды. Енді кірмесе...

Елдің беделін, өнерді көтерудің қандай жолдары барын шама-шарқымызша айттық, ой қостық. Әлі талай нәрсені айтуға болады. Ал, Сіз қалай ойлайсыз, құрметті оқырман?

Н.ТАСТЕМІР

Алдыңдағы малыңмен бірге жусап, бірге өрмесең қиын қазір. Әсіресе, ауылдағы ағайындарға тыныштық жоқ. Төрт түлігі көзден тайса болды, барымташылар өрістегісін өрістен, қорадағысын қорадан өңгеріп әкетеді.

Жуырда Қызылорда облысы әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен әкімдік жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның және облыстық құқық қорғау органдарының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің бірлескен кеңейтілген мәжілісі болған-ды. Осынау жиында аймақтағы ұрлық жасайтындардың жай-жапсары да сөз болды. Облыстық прокуратура баспасөз қызметінің мәліметінше, өткен 9 айда 9950 құқық бұзушылық тіркелсе, оның 4784-ін ұрлық қылмыстары құраған. Яғни, біреудің дүниесіне көз тігетіндер өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 220-ға көбейген.

БАҚПАСАҢ МАЛ КЕТЕДІ

Қынжылтатыны, ала жіпті аттауға келгенде кәмететтік жасқа толмағандардың қатары қалың болып тұр.

Енді тақырыпқа оралсақ. Жоғарыдағы мәжіліс кезінде мал ұрлығына қатысты қылмыстар саны 153-ке артқандығы айтылды. Неліктен олай? Прокуратураның талдауына сенсек, бірнеше себеп бар.

Біріншіден, малдардың көпшілігі өрістен ұрланады. Яғни, «бақпасаң мал, қарамасаң қатын кетедінің» кері. Цифрмен-ақ айтқайықшы, 9 айда орын алған 693 мал ұрлығының 537-сінде өрісте жүрген мал қолды болған. Шөбін жеп, күйіс қайырып тұрған төрт аяқты адам сырын біліп пе, жетегіне көніп, айдағанына жүре береді. Яғни, ауылдағы ағайындар малын өріске бақташысыз айдап салуды доғару керек. Осымен – екі. Өйткені, облыс көлеміндегі 147 ауылдық округтің 66-ында ғана малды бақташының көмегімен жайылымға жіберу жолға қамтылған. Үшіншіден, прокурорлар қылмыстың артуына мал басының құжатталмауы үлес қосып отырғандығын айтады. Айталық, облыс көлемінде жалпы 755 405 мал құжаттандырылған. Әрине, қолда бардың бәрі құжатталды деп ешкім кепілдік бере алмайды. «Төртіншіден, - дейді прокурорлар, - малды өткізетін, сойылған малдың етін қабылдайтын және соятын орындар қызметіне тиісті бақылау жоқтың қасы». Бесіншіден, мал ұрлығының көбеюіне себепкер - жұмыссыздық. Зерттеуге сүйенсек, ұрлықты көбінесе жұмыссыз жүрген 30-ға дейінгі жастар жасаған. Алтыншыдан, сол баяғы қазекеннің қамсыздығы. Малы өрістен келмесе, үш-төрт күн сай-саланы сүзіп барып тәртіп сақшыларының көмегіне жүгінеді. Ізі суыған соң, қылмыстың ашылуы қиын, ұрына оңайлықпен ұстай алмайсың. Мәліметтерге сүйенсек, өткен 9 айда соттарда ұрлыққа байланысты 267 адамға қатысты 196 қылмыстық істер қаралып, 74 адам бас бостандығынан айырылыпты.

Үйлестіру кеңесі отырысында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев ерекше ұсыныс жасады. Яғни, желтоқсан айынан бастап Қызылорда облысына қарасты барлық ауылдық округтердің әкімдерімен бірге енді учаскелік полицейлері де халық алдында есеп беретін болды. Өйткені, ауылдағы тәртіпке, тыныштыққа жауапты қызметкердің бірі – полицей. Олардан сұралатын жәйт көп.

- Өкінішке орай ұрлық, соның ішінде мал ұрлығы азаяр емес. Жан бағып отырған төрт түлігінен айрылса, ауылдағы жұрттың жағдайы не болады? Бұған учаскелік полицейлер мен ауыл әкімдері жауапты. Ұрлықтың өскеніне қарағанда олардың жұмысы дұрыс ұйымдастырылмаған. Сондықтан ішкі істер органдарының жұмысына қанағаттанарлықсыз деп баға беремін. Ұрлықты азайту үшін малды бірігіп бақташыға бақтыру керек. Бұл жұмысты ұйымдастыруға ауыл әкімдері ұйытқы болыңыздар, - деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Рас, ауылдарда малды бақташыға бақтыруға жұмыс жасау керек. Жұрттың бәрінде мыңғырған мал жоқ, қорасындағы бес ешкісі мен екі сиыры үшін таңнан кешке дейін салпақтап жүру кімге оңай дейсің? Басқа да тіршілік бар емес пе. Бәрінен бұрын полицейлердің есеп беретіні дұрыс болды. Халық алдында «Биыл бәленбай мал ұрлығы болды, оның түгенбайы ашылмады» деп тұрған жақсы емес, әрине, сондықтан жұмысты жандандыруға күш салатын шығар.

Нағымжан САУЯЕВ.



АУЫЛЫНЫҢ АЖАРЫ - АЛЛАНЫҢ ҮЙІ ӨРТЕНДІ

Бала кезімізде кенеттен күн күркіреп, төбедең қою кара бұлт торлап, жарқ-жүрқ найзағай ойнаса немесе капеліміде аспаннан жауып, жерден бораса, долы дауыл құтырынып, құйын соқса, қас пен көздің арасында әзәзіл өрттің қаратүтіні сумаң етіп аспанға көтерілсе ауыл адамдары «Астапыралла. Астапыралла!» деп безек қағып, тұла бойларын үрей билеп, қорқыныштан қалтырап кететін. Сол кездегі балалығымыз ғой, аң-таң боп «бұларға не болды сонша» дейтінбіз. Қазір ойлап отырсақ, «Астапыралла» дегені «Астағируллаһ» екен де, бойларын үрей билейтіні «Алланың азабы кеп қалмасын» деп тәубе етіп, Жасаған Иемізден жарылқау тілегені екен ғой...

Астапыралла, естімеген елде көп деген рас екен. «Жүре берсең көре бересің» деген Қазақ атамның сөзі тура келді. Айдың күні аманында, алаңсыз ауылдың кешкі бейкама кезінде Аллаһтың мешіт үйі кенет от құшағына оранды.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - дейді данышпан Абай. Осы киелі өсиет сөз жазылған тақтаны Бөген ауылының кіре берісіндегі шығыс үлгісімен қос күмбезді, қос мұнаралы сәулетті Нұржан Ишан Ата мешітінің алдынан көріп, олай-бұлай өткен жолаушы тәубесіне келетін-тұғын... «Алла тағала-өлшеусіз, біздің ақылымыз-өлшеулі», - дейді тағы да данышпан Абай. Тағдыр - хақ, табиғат - бір екенін есте ұстап Алла алдындағы парызы бен қарыз таразы басында тербеліп тұрғанда адалдықты, пәктікті қысқа ғұмырда сақтай алмасақ, барар бағыт, көтерілер белес те осал болмақ. Ислам дінін ұстанып, мұсылман атанған қазақ халқының бүгінгі таңда ғибадат қылар мешіттері-Алланың үйлері жыл санап көбейіп келеді. «Ақылы бар кісіге иман парыз, иманы бар кісіге ғибадат парыз» - деп тағы да сол данышпан Абай атамыз айтқандай адам баласы Раббысы ұсынған тура жолмен жүрсе ғана адамдық болмысын кемелділікке жеткізе алады. Иmandылыққа бет бұрып, жарыққа ұмтылған пенденің күпті көңілін орнықтырып, иманын бекітетін, жүрек сәулесіне нұр құйып, ақиқатқа бастайтын бірден-бір қасиетті орын - ол АЛЛАНЫҢ ҮЙІ МЕШІТ. Жакында 2007 жылдың 19 қазанынан бері Арал теңізі жағасындағы Бөген ауылының ажарын ашып тұрған, ауылдың айбаты, imandyлық пен ізгілік ордасы - орталық мешіт ғимараты қас қарая, ел орынға отырғанда отқа оранды.

Иә, кезінде осы мешіттің ашылуына әрісі Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтөбе берісі Қызылорданың ар жақ, бер жағынан жеті жүзден астам құрметті меймандар, ағайын-туыскандар, жақын-жекжаттар жыйналып, көптен бері асыға күткен қуанышты іс шараға жамигат боп қауқылдасып қатысып еді. Бұл мешіт шығыс үлгісімен-қос мұнарасы мен қос күмбезі алыстан көз тартатын Бөгеннің сән салтанатын ұлықтап тұратын сәулетті ғимарат боп бой түзеген еді.

Төрт қабырғасы сонау Каспий теңізінің тұңғығынан сүзілген ақ тас «ракушкадан» қаланып, күн нұрымен жарқыраған дөңгелеген қос күмбезі мен алыстан мен мұңдалап тұратын қос мұнарасы теңіз жағасындағы Бөген ауылының ажарын алыстан ашып көз тартатын. Мешіттің төңірегіне тас жолдар төселіп, айналасы өрнектелген темір шарбақпен қоршалған еді. Аллаһ үйінің ішкі қабырғаларында Қасиетті Құран аяттары мен Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистері өрнектеліп жазылған. Нұржан Ишан Ата мешітінде бір мезгілде 100-ден астам адам Алла тағалаға құлшылық етіп, ғибадат ете алатын. Мешіт ішінде имам бөлмесі, мұрағат бөлмесі, ерлер мен әйелдер намаз оқитын бөлмелер жеке жабдықталған еді. Көгілдір қос күмбезі алыстан жарқыраған Жаратқанның жердегі үйі қалай десек те ислам өркениеті-сәулет өнерінің бір көрінісі еді-ау...Көптен күткен қуанышты жайт осылай жарасымды жалғасын табуы да өз тұсында Нұржан Иша Атаның: «Заман да жел сияқты араға уақыт салып өзгеріп тұрады. Елге еркіндік беріліп, дін ислам салтанат құрады. Құдайды бір, Пайғамбарды хаһ деп білетін ұрпақ, imandy, ізетті, инабатты ұрпақ біз бастаған игі істерді әрі қарай жалғастырады» деп сол заманның өзінде көрегенділікпен меңзеп, болашағын болжап кеткендігінің өзінен-ақ ғұлама Атаның тегін еместігі баршаға белгілі болған. Сол мешіт ашылған 2007 жылдың 19-20 қазан күндері ақсақалдар баталы сөз айтып, жасалған жақсы амалдар мен бағышталған дұға ықылас-ниеттердің, қабыл болуына қол жайып Аллаһтан тілек тілеп еді. Бір-бірімен мейірлене қауышқан жұртшылық маңызы артық, мәнісі терең тақырыпқа құлақ түрді.

Сондағы сөйленген сөз, арналған бата-тілек, ақ пейілден айтылған дұғаның бәрі жүректерге жылы тиіп жатты. Осылай сән-салтанаты жарасқан Бөген ауылы орталығындағы Нұржан Ишан Ата мешітінде сол күні алғашқы сәлем намазы оқылып еді-ау... Аталған іс-шара елдің берекесі артып, ынтымағының нығая түскендігінің айқын айғағына айналды. Сөйтіп, Жаратқанның барша адамзатқа, бір-бірімен бауырласуы, достасуы, бірігуі үшін жіберген ислам діні екендігінің анық көрінісіне айналған жаңа мешіттің ашылуы паш етіп тұрып еді. Осындай асыл дінді атам заманнан бері ұстанып келе жатқан қайран қазағым өзінің ізгілігінен, қайырымдылығынан, татулығынан, сабырлығынан ешқашан да айнымауы керек еді-ау...

Аузында Алласы, қолында құраны бар өз тұсында осылай елінің баянды бірлігі мен берекелі тірлігіне тілеуқор боп, үнемі ұрпақтарына ізгілік пен қайырымдылықты, адамгершілік пен бауырмалдылықты насихаттап, елін imandyлыққа ұйытып кеткен киелі де ғұлама ата «Нұржан Ишан» атындағы мешіт үйі өртке оранғанда ауыл тұрғындарының төбелерінен жайтүскендей,



санасымен сарсылып, қанасымен қан жұтып: «Япыр-ай, бұл не деген сұмдық», - деп егіліп жүріп, өртке қанағымен су сепкен қарлығаштай боп шыры-пырлары шықты. Алланың үйінің көз алдарында әзәзіл отқа оранғандарына кейбіреулер: «Нұржан Ишан Атаның на-засына қалмасақ нетті» деп тілдерін кәлимаға келтіріп, тәубелеріне келіп жатты.

Иә, Алла үйіне аярлық істеген пенде сол Аллатағаланың назарынан тыс қалмайтыны кім-кімге де кәміл. Енді еңсені езе бермей ес жиып, тәубеге кеп, Аллахтан кешірім сұрап, төрт қабырғалары құлазып, қос мұнарасы мүлгіп қалған ауыл мешітінің ойраны шыққан орнын қалпына келтіріп, шөккен мешіттің еңсесін тіктеу-мұсылмандығымызға сын. Оқиға болар күні Елбасымыздың елімізге келіп, дағдарыстағы халқының еңсесін көтеріп: «Қызылордалықтар қарқынды дамып келе жатыр» деп берген биік бағасы мен күні-түні тыным таппай өртке оранған «Нұржан Ишан Ата» мешітінің жанынан табылған ауыл әкімі Шөмен Андызбайұлы бастаған бүкіл ауыл азаматтары мен сырттан келіп, өкінішті істің қайырын тілеп жатқан жамигаттың шынайы тілектестік көңілдерін дәтке қуат етіп, бәріміз де серпіліп, бірі-бірімізге деген бауырмалдылық, туыскандық сезіміміздің одан әрі нығая түсетінін түйсікке түйдік.

Біз бүгін «Нұрсұлтанай кеменгер Көшбасшымыздың арқасында егемен

еліміз бар, кең байтақ жеріміз бар, татутәтті бейбіт халқымыз бар, аспан түстес көк туымыз бар» деп мақтаныш сезімімен айта аламыз. Өйткені, біз қазір - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орныққан Қазақстан еліміз.

Бұл да біздің еңсесі биік еліміздің аузының салымына Жаратушының жазған жақсы тағдыры. Ендеше еңсемізді тіктеп, ел болып, қаңыраған мешітімізді қалпына келтіруге кірісейік бауырларым.

«Алтау ала болса- ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса- төбедегі келеді» демекші, мешітке қол ұшын беруге ынталы азаматтар мына есепшотқа өз үлестерін қосуға болады: «Казкоммерцбанк» АҚ Қызылорда филиалы,

ИИК KZ51319K010005408887,
БСН/БИН 060340026758,
БИК AVKZKZKX,
РНН 330100229025,
КБЕ: 18.

«Нұржан Ишан Ата» атындағы қайырымдылық қоры» Қоғамдық қоры»

Бұл ізгі ниеттен иісі қазақ, әрі мұсылманмын деген, жүрегінде оты бар қандастар сірә да қалыс қалмасына сенім мол.

Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ
«Нұржан Ишан Ата»
атындағы қайырымдылық
қорының» президенті

«ЖАҢА КОДЕКС – СОТ ІСІНІҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕДІ»

Қазан айының 31-і күні Мемлекет басшысы жаңа «Азаматтық іс жүргізу» Кодексіне қол қойды. Қол қою рәсімі жария түрде өткізіліп, Елбасы маңызды құжатқа қатысты өз пікірін айтты. «Келесі жылдың 1 қаңтарынан реформаларды бастау үшін ел Парламенті белсене жұмыс жасауда. Қазірдің өзінде 16 заңға қол қойдым, жаңа Кодекс – соның он жетіншісі», – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Негізінде Мемлекет басшысының 5 институционалды реформасын жүзеге асыруға бағытталған Ұлт жоспары аясында 59 жаңа заңнамалық акті қабылдануы тиіс. Өз кезегінде жаңа заңдар қоғам өмірінің шешуші салаларын жаңғыртып, өрісін кеңейтпек. Аталмыш «Азаматтық іс жүргізу» Кодексінің де көтерер жүгі ауыр. «Жаңа Кодексті қабылдау заң үстемдігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады. Заңнама аясында барлық заманауи негізгі құқықтық институттар қамтылған. Сонымен қатар біздің құқықтық жұмысымызды әлемдік озық стандарттар деңгейіне жеткізетін елеулі өзгерістер енгізілген», – деді Қазақстан Президенті.

Қызылорда облыстық сотының судьясы Гүлсім Ахметқызының айтуынша, келер жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметіне кірісетін жаңа Кодекстің қолданыстағы заңнамамен арада көптеген айырмашылық бар. Айталық, баптар саны 450-ден 504-ке көбейген. Сондай-ақ, жаңа тараулар енгізілген. Құрметті оқырман, жаңа Кодекстің жай-жапсары туралы толығырақ білгіңіз келсе, судьямен арадағы сұхбатқа назар салыңыз.



- Ең бірінші елеулі өзгеріс – бес буынды сот жүйесінен үш буынды сот жүйесіне көшіп жатырмыз. Үш буынды сот жүйесі – бірінші сатыдағы соттардан, апелляциялық және кассациялық сатыдан тұрады. Апелляциялық сатыдағы істер облыстық және оған теңестрілген соттардың үштен кем емес тақ санымен қаралады. Ал, Кассациялық сатыдағы істер де ҚР Жоғарғы сотта осындай тәртіппен қаралады. Бес буынды жүйдегідей Жоғарғы соттың бақылау алқасы алынып тасталған.

- Бұл жүйенің тиімді тұстары қайсы?

- Бес буынды жүйеде істер даулар ұзақ мерзімде шешімін табады. Әрине, уақыт созып жүру қашан да тиімсіз. Айталық, азаматтық істер бойынша бірінші сатыдағы соттар сот шешімін шығарғаннан кейін, көшірмесін 5 жұмыс күннің ішінде жақтарға беруі керек. Көшірме алынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде шешім заңды күшіне енеді. Егер апелляциялық шағым түсірмеген болса. Түсірген жағдайда апелляциялық немесе жеке шағым облыстық соттың азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына жолданып, 1 ай мерзім ішінде қаралады. Одан кейін 6 ай ішінде кассациялық алқаға жақтар шағым беруге болады. Қазіргі таңда апелляциялық, кассациялық алқалар облыстық сот құрамында. Содан соң барып жақтар Жоғарғы сотқа бақылау тәртібімен шағымдануға құқылы. Көріңіз бе, бір дауды шешу үшін қанша уақыт кетті. Тағы айта кететін жайт – апелляциялық және кассациялық алқа облыстық сотта болған соң, бір-бірін қолдайды деген көзқарас туындауы мүмкін. Бұл да жөн шығар. Енді 2016 жылдан бастап, кассациялық саты Жоғарғы сотқа көшеді. Яғни, даудың шешілу мерзімі қысқартылады. Апелляциялық алқа шешкеннен кейін әрі қарай кассациялық алқа соңғы нүктесін

қояды. Бұл қадам Жоғарғы соттың беделін көтеруге, халықтың судьяларға деген сенімділігін арттыруға өз септігін тигізеді.

- Қазіргі қолданыстағы баптармен айырмашылық қаншалықты?

- Бұл жүйе – Европаның іс-тәжірибесінен, өркениетті елдерден алынып отырған нәрсе. Сондықтан да жаңа Кодекс Елбасы айқындаған мақсаттардың орындалуына, қоғам үшін қалтқысыз қызмет ететіні сөзсіз.

Баптарға келер болсақ, қолданыстағы Кодексте 450 бап болса, жаңа Кодексте 504 бап, яғни, саны көбейген. Өйткені, жаңа тіркес, жаңа ұғымдар пайда болды. Айталық, инвестициялық даулар деген тіркес. Қазіргі қолданыстағы Кодексте ондай ұғым жоқ. Инвестициялық дауларды жаңа Кодекс бойынша тек қана Астана қалалық соты және ҚР Жоғарғы соты ғана қарайды.

Жаңа Кодекстің тағы бір ерекшелігі – мамандандырылған соттардың соттылығы нақты көрсетілген. Мысалы, қазіргі Кодексте мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың соттылығына корпоративтік даулар жатады деп қана көрсетілген. Ал, жаңа Кодексте корпоративтік даулар санатына қандай істер жататындығы ашылып жазылған.

- Судьялар қызметіне байланысты қандай өзгешеліктер бар?

- Қазір бірінші сатыдағы сотта дауды судья өзі қарайды. Істер апелляциялық алқада да судья істі бір өзі жүргізетін, енді бұдан былай апелляциялық алқада үш судья болады. Касаациялық алқада да үш судья. Жаңа Кодекстегі тағы бір өзгешелік - дауды қай судья бастаса сол аяқтауға міндеттелген.

Жаңа Кодекстің тағы бір өзгерісі - жеңілдетілген тәртіппен қаралатын істердің негіздері көбейді. Қандай істер жеңілдететін тәртіппен қаралатын іске жатады деген сауалға келсек. Біріншіден, ол даудың бағасына байланысты.

Қазіргі Кодекс бойынша заңды тұлғалар арасындағы дау 500 АЕК-тен, жеке тұлғалар араларындағы дау бағасы 100 АЕК-тен аспайтын болса, жеңілдетілген тәртіппен қаралады. Екіншіден, талап қою бағасына қарамастан, талапкер ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша. Осы екі негізбен судья істі жеңілдетілген тәртіппен қарай алады.

Жалпы істердің мерзімі екі ай ішінде қаралуы қажет. Ал, жеңілдететін тәртіп істері бір ай ішінде қаралады. Талап арыз сотқа түскен күннен бастап бір айдың ішінде судья шешім шығаруы керек. Жеңілдететін тәртіппен қарау деген - осы. Негізгі мақсаты – дауды қысқартылған мерзімде қарау. Бұл жаңа Кодексте де сақталған. Бірақ, жеңілдететін тәртіппен қаралатын істердің негіздері көбейген. Өзгерістердің бірі - жеңілдететін істердегі дау бағасының мөлшері өзгерген. Жаңа жылдан бастап заңды тұлғалар арасындағы дау 700 АЕК-тен, ал жеке тұлғалар үшін 200 АЕК-тен аспайтын болса жеңілдетілген тәртіппен қаралады. Осыдан тыс бірнеше негіздер бар.

- Істі қарау мерзімінде өзгерістер бар ма?

- Судьяларға берілетін дайындық күні ұзартылды. Қазір істі қабылдап алғаннан кейін дайындық жүргізу үшін жеті жұмыс күн берілуде. Ол аздық ететін еді. Келер жылдан бастап, он бес жұмыс күні берілетін болды.

- Елбасы заңға қол қойғаннан кейін БАҚ-қа татуластыру және дауды сотқа дейін реттеу шарасын қолдану аясы кеңейетінін айтқан болатын. Осы тұрасында не айтасыз?

- Қазіргі Кодексте «татуласу рәсімі» деген тарау жоқ. Жаңада бар. Сонымен қатар, «партисипативтік рәсім» пайда бол-

ды. «Партисипативтік рәсімде» судья жан-жақты дауды зерттеп болғаннан кейін, шешім шығармастан бұрын екі жақтың өзара келісімге келуіне қорғаушыларымен бірге уақыт береді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Татуластырумен медиаторлар ғана емес, бірінші және апелляциялық инстанция судьялары мен адвокаттар да айналысатын болады» деуі сондықтан. Міне осыны «партисипативтік рәсім» деп атаймыз. Қазір судья істі алғаш бастаған сәтте екі жақтан бітімгершілікпен аяқтауға мүмкіндік береді. Ендігі жылдан бастап шешім шығаруға кеңесу бөлмесіне кетердің алдында партисипативтік рәсімін қолданып, тағы да татуласуға жағдай жасайды.

- Тағы қандай жаңалықтар бар?


- Жаңа Кодекске сәйкес сот отырысына прокурорларды қатыстыру жағдайлары өзгерді. Бұдан былай прокурор мемлекет мүддесіне қатысты істерде және өздерін қорғай алмайтын жеке тұлға мен қоғамдық мүдделерді қорғау үшін ғана қатысады. Сондай-ақ, соттың немесе прокурордың бастамасы бойынша қатыстырылуы мүмкін.

- Гүлсім Ахметқызы! Елімізде сот істерін жүргізуде ашықтық қаншалықты деңгейде деп ойлайсыз?

- Әрине, қуантарлық деңгейде. Менің бұл салаға қызметке келгеніме 20 жылдан асып барады. Өз тәжірибемнен білетінім, сот ісі уақыт озған сайын, жетіліп даму үстінде. Айталық, қазір іс жүргізу барысы аудио, видеотаспаларға жазылады. Ол дискімен әрбір іске тіркеледі. Яғни, ашықтық үстемдік құруда. Жаңа Кодекстің мақсаты да осы – сот ісінде ашықтық орнату, жаңа ақпараттық технологияны кеңінен қолдану, өрісін кеңейту.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Нағымжан САУАЕВ.



Айғаным Құрмашева 1998 жылдың 9 сәуірінде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. Жастайынан ән-жырға құмар Айғанымның бүгінде өлең өлкесінде де өзіндік орны бар. Айғаным жүректегі отты сезім ұшқынының арқасында тың туындыларды жарыққа шығарды. Жібек сезімді жүрек сөзімен жырлаған Айғаным республикалық, облыстық, аудандық, аймақтық жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

Жалынды жас ақынның өнеріне Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Қатира Жәленова былайша баға берген екен. «... Менің назарымды айрықша өзіне аударған жас талапкерлердің бірі – «Сыр толқыны» фестивалінде жүлделі II - орынды жеңіп алған Айғаным Құрмашева.

Құрметпен біз қарайықшы анаға,
Бар жылуын беретұғын балаға.
Анаң барда - бақыттысың, біл соны,
Сол бақытты әрқашанда бағала!



Осы бір ерекше ықылас пен сүйіспеншілік шуағына шомылып тұрып, сонау 60 - жылдары абыз ақын Ә. Тәжібаевтың: «ғашықпын әманда ынтықпын, көңілінің күні бар адамға»- деп шабыттана жырлағаны еріксіз ойға оралады. Иә, Айғаным да Әбділда атасының осы ойына барынша үн қосып үйлесім тауып тұрғандай».



ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

Жаным!
Сен неткен ғажапсың?
Жанымда сен барда,
Сезілмес азап, мұн.

Күнім!
Сезімге малынған әр түнім.
Өзіңнің арқанда, өзіңнің
Атандым ақ гүлің...

Жарығым!
Қалауы сен едің жанымның,
Асқағы сен едің әнімнің,
Қашанда жанымнан табылдың.

Елігім!
Дәл мендей сүйеді сені кім?
Дәл сендей сүйеді мені кім?

ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ

Қарапайым ауылда
Өмір сүрді бойжеткен.
Ата - ананың қолында,
Жалғыз еді ер жеткен.

Жайраңдатып жүздерін,
Жүреді олар күлімдеп.
Еркелетіп қыздарын,
Айналайын, гүлім деп.

Бір күні жолға шығады,
Өңгіме дүкен құрады.
Абайсызда байқамай,
Көлік жолдан құлады.

Есінен танып қыз қалды,
Суық күннің ызғары.
Қыз жүрегі қанжылап,
Ана жүрек сыздады.

Арпалысып өліммен,
Өкесі кетті өмірден.
Анасы мен қыз қалды,
Қабыр құшып көмілген.



Азап шекті, қиналды,
Қайғы көрді, қимады.
Көтере алмай қайғыны,
Бұл өмірге сыймады.

Уақытқа бос тек кеткен,
Жаны сыздап ер жеткен.
Анасы үшін жалғанда,
Өмір сүрді бойжеткен.

Тарылып тағдыр торабы,
Таусылмай өмір тозағы.
Қиналсада қаншама,
Үмітпен қолды созады.

Ойын - тойға бармады,
Әке үмітін жалғады.
Орындалды біртіндеп,
Алға қойған арманы.

Қыз болады қайырымды,
Ұғатын әркез жаныңды.
Қиналған жанға қол созып,
Іс жасайтын пайымды.

ЕР МАХАМБЕТ

Ер Махамбет - асқақ ақын, ардақты,
Жалынды жырын бір халқына арнапты.
Батырлық, ерлігімен көзге түсіп,
Ел ішінде «жаужүрек» атаныпты.

Еліңе емірене қызмет еттің,
Құдай - ау, жазғаны ғой құдіреттің.
Ықыластың қолынан қаза тауып,
Ертерек мына өмірден өтіп кеттің.

«Жақсының аты өлмейді», - деген қазақ,
Ескерткіштер тұрғызылды сізге арнап.
Қара қазан, сары бала қамы үшін,
Кештіңіз бастан талай қырғын азап.

СӨЗ
ПАТШАСЫ



ШӘКІРТ ЛЕБІЗІ

Ұстазға арнау
(Гүлнар Қасымқызына)

Жүрген кезімде арайсыз,
Көмектестіңіз бе, қалай сіз!?
Қатты болғанға қателесіп,
Қатал деппін-ау абайсыз.
Біз гүлміз, сіз бар кезде солмаймыз,
Шырылдаған торғаймыз,
Жемді шашып торғайға,
Торғайларды қорғайсыз.
Жем дегенім, білім ғой
Сіз бар кезде, білімсіз біз болмаймыз.

Жүретін жанға білімін сыйлап беріп кең,
Сөздері қатты, мінезі тәтті өріктен,
Ауырған кезде арқамнан қағып,
Үйіңе сені, апарам деген көлікпен...

Ақылын айтып беретін мәнді маған ой,
Өлең ғып өрем, тәтті сөздерге табанды ой,
Өнердің отын сүйетін әркез қамқоршым,
Гүлнар апайым, мына менің анамғой.


Жанымды жүрмес басып мұн,
Мен сіз деп, шабытымды тасыттым.
Күйсандықты керемет етіп ойнайтын,
Мен сіздің саусақтарыңызға ғашықпын.

Сұлулығыңызға сан ғалам сиып кетеді,
Мінезіңізде мейрімге толы мәрт еді,
Гүлнар апай мына менің анашым,
Жүрегі мәңгі өнер деп сокқан от еді.

Еркебұлан ҚАЙРАНОВ



ЭЦҚ АЛУ ТӘРТІБІ



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ТҮРЛЕРІ

Мүгедек – бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған тұлға.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу
- ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу
- білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу
- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу
- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
- Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі

- Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.
- Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:
- Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер
- Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер
- Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері.

Мүгедектікті растау туралы ақпарат алу үшін қызмет онлайн түрде жүргізіледі:

- Авторлану және «Қызметті онлайн алу» батырмасы бойынша өту
- Өтінімді толтыру және ЭЦҚ қол қою (электрондық цифрлық қолтаңбамен).
- Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» тарауында) өңделген анықтамамен тағына және талап етілген жерге ұсыну.

Қызылорда қаласының №1 бөлімі

ЭЦҚ алу үшін неден бастау керек? ЭЦҚ-ны алғаш рет пайдаланушыларға ыңғайлы болуы үшін біз осы бағытта жасалатын жұмыстарды қадамдарға бөліп көрсетуге тырыстық.

1 қадам. Ең алдымен, Сізге еліміздегі жеке және заңды тұлғаларына ЭЦҚ берумен айналысатын Ұлттық куәландыру орталығының (бұдан әрі - Орталық) <http://www.pki.gov.kz/> сайтына кіріп, басты беттегі «Жеке тұлғалар үшін ЭЦҚ алу» түймешігін басыңыз.

2 қадам. Ашылған бет парағында Сізге ЭЦҚ-ны пайдаланушыға нұсқаулықты «Криптопровайдер» бағдарламасын және «Java» бағдарламасын көшіріп алу ұсынылады. Айтылған кеңестерді орындаңыз. Көрсетілген нұсқаулық пен бағдарламаларды алдымен өз компьютеріңізге көшіріп (скачать) етіп алып, содан кейін қондырыңыз. Бұл бағдарламалар Сіздің ЭЦҚ-дың қалыпты жұмыс жасауы үшін қажет бағдарламалық орталар болып табылады. Мысалы, үй жағдайында балықтың өмір сүруі үшін аквариум мен су қажет емес пе. Сол сияқты ЭЦҚ-ны балық деп елестетсек, криптопровайдер мен Java-ны - балық өмір сүретін аквариум және су деп есептеңіз :-)

Қондырып болғаннан кейін, компьютерді сөндіріп, қайта қосыңыз. Әйтпесе, қондырылған бағдарламалар іске қосылмайды.

Бұл қадамды орындау барысында қандай проблемалар кезігуі мүмкін? Атап өтелік:

- 1) криптопровайдердің Сіздің компьютерге орнатылмауы; бұл жағдайда бұрын Сіздің компьютерге криптопровайдер орнату әрекеті жасалып, ол аяғына дейін орындалмай қалған болса, онда компьютерге енгізілген барлық бағдарламалардың тізбесін ашып, оны жою қажет; содан кейін криптопровайдерді жанадан орнатыңыз;
- 2) бағдарламалардың орнатылмауы немесе дұрыс орнатылмауы; бұл жерде атап өтетін мәселе, бағдарламаларды орнату үшін Сіздің компьютеріңіз белгіленген

минималды талаптарға сай келуі тиіс; жалпақ тілмен айтқанда, компьютер тым ескі және әлсіз болмауы тиіс; компьютерге қойылатын ең аз талаптар тізімі бойынша көрсетілген.

3 қадам. ЭЦҚ алуға өтінім (тапсырыс) беру. Ол үшін «Сертификаттарды online-да шығаруға тапсырыс беру» түймешігіне басып, бірінен кейін бірі алты қадамды орындап шығыңыз. Ол қандай қадамдар?

Бірінші қадам - жүйе Сіздің компьютерде тиісті бағдарламалар орнатылғандығын тексеріп шығады. Егер Сіз «Tumag CSP криптопровайдерін» және «Java» бағдарламасын орнатқан болсаңыз, онда жүйе Сізді екінші қадамға көшіреді.

Екінші қадам - Сіз жеке немесе заңды тұлға екендігіңізді нақтылаңыз. Сіз «Жеке тұлға» түймешігін басты деп жобалайық.

Үшінші қадам - бос орынға өзіңіздің ЖСН-ді (ИИН) енгізіңіз. Содан кейін жүйе автоматты түрде Сіздің кім екеніңізді, Сіздің толық аты-жөніңізді өзі шығарып көрсетеді. Ал, Сіздің міндетіңіз - бос орынға өзіңіздің e-mail-ді енгізу (сақ болыңыз, e-mail жеке өзіңіздікі болған дұрыс).

Төртінші қадам - Өзіңіз жайлы қажетті деректерді енгізіңіз - облыс, қала, Тіркеу орталығыңыз (Халыққа қызмет көрсету орталығы), кілт сақталатын қондырғының түрі (негізінен, жеке компьютер), кілт түрі (ГОСТ және RSA, яғни екеуін де таңдаңыз).

Бесінші қадам - енгізген деректеріңізді тағы да тексеріп шығыңыз. Егер қажет деп тапсаңыз, «Редактировать» түймешігіне басып, тиісті түзетулерді енгізіңіз. Егер бәрін дұрыс деп тапсаңыз, «Подать заявку!» түймешігін басыңыз.

Алтыншы қадам - Сіздің тапсырысқа нөмір беріледі. Осы нөмірді жазып алыңыз. Одан да дұрысы - жүйе ұсынып отырған өтінімді Word форматында көшіріп алыңыз. Ол үшін «Распечатать заявление» түймешігін басыңыз. Оны кейін принтерден басып шығарып алып, өз қолыңызды қойыңыз.

Сөйтіп, тапсырыс беру сәтті өткеннен соң Орталыққа немесе Орталық филиалы-

на (әдетінше, барлық облыстарда Тіркеу орталықтары Халыққа қызмет көрсету орталықтарында орналасқан) жеке өзіңіз барып, қажетті құжаттарды ұсынуыңыз қажет. Қажетті құжаттар деп отырғанымыз:

- 1) өтінім (үлгі бойынша);
- 2) егер өзіңіз болсаңыз, онда жеке басыңызды куәландыратын құжаттың (жеке куәлік, паспорт, уақытша куәлік) төлнұсқасы және көшірмесі;
- 3) егер тіркеу орталығына өзіңіз келе алмасаңыз, онда Сіздің атыңыздан сенімді адамыңызға рәсімделген нотариус арқылы куәландырылған сенімхат (үлгі бойынша) және сенімді адамыңыздың жеке басын куәландыратын құжат.

4 қадам. ЭЦҚ-ның келуін күту. Ұлттық куәландыру орталығының Тіркеу орталығы құжаттарды қабылдайды және тапсырысты растайды. Деректерді өңдегеннен кейін, өтінімде (тапсырыста) көрсетілген электрондық адреске тіркеу куәліктері жіберіледі. Тіркеу куәліктері дегеніміз екі сертификат пен екі кілт: кілттердің біреуі - жабық, біреу - ашық (жабық және ашық кілттің қосындысы - Сіздің ЭЦҚ). Жабық немесе құпия кілт – электронды сандық символдар жүйесі. Ол ЭЦҚ ғана белгілі сонымен қатар, электронды қол алудың негізгі элементі болып табылады. Ашық кілт — сандар жүйесі, ол тек Сіз және Сізбен қарым-қатынас жасайтын органға ғана белгілі. Ол қолды тексеру үшін қолданылады. Орталықта Сіздің ашық кілтіңіздің көшірмесі бар.

5 қадам. ЭЦҚ компьютерге орнату. Кілттерге байланысты сертификаттарды орналастыру туралы ақпарат алдында көшіріп алған бағдарламаның папкасында бар. Сіз шатасып қалмас үшін кілттерді орнатуды ұсынамыз.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімі.

ЖЕР УЧАСКЕСІНЕ КАДАСТРЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРУ

Достар, Сіздерге ұсынатын келесі қызметіміз «Жер учаскесіне кадастрлық ақпарат беру» жайлы болмақ. Жер кадастры дегеніміз не? Ол ақпарат бізге не береді? Кадастрлы ақпаратты қайдан және қалай алуға болады? деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Жер телімдерінің орналасқан жері, нысаны, пайдаланылуы, ауданымен шекарасы, сапалық сипаттамасы, жер пайдалану есебі мен жер телімдерін бағалау жер учаскесінің кадастрлық дерегін береді, яғни мемлекет аумағындағы жер ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы туралы мәліметтержүйесін - жер кадастры деп атаймыз.Ол үшін өзіңізге

жақын орналасқан ХҚКО – ға қызмет алушы жеке басын куәландыратын құжатымен келіп, нысан бойынша өтініш жазу керек. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады; Мемлекеттік қызмет тегін және «электрондық кезек» тәртібімен жеделтетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады. Қызмет алушының қалауы бойынша портал арқылы электрондық

кезекті «брондауға» болады;

Сондай – ақ бұл қызметті электронды сандық қолтаңбаңыз болса, www.egov.kz «электрондық үкіметтің» порталы арқылы да жүзеге асыруға болады. Электрондық сұрау берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі сұрақтарыңыз болса жергілікті жердегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан немесе бірыңғай байланыс орталығы: 1414 телефоны арқылы тегін анықтама ала аласыз.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімі.

ЖАҢАЛЫҚТАН ҚАЛЫС ҚАЛМАҢЫЗ

Күн жаңа, уақыт жаңа, уақыттан да озып күн сайын жаңарып жатқан технология жаңа. Ең бастысы барлығы да халық игілігі үшін қызмет етіп, көпке көрсетілетін қызметті оңтайлы ету үшін ойлап табылған.

Халыққа қызмет көрсету орталығы ашылған уақыттан бері оның қызмет көрсету аясы кеңіп қана емес қарқынды дамып та келеді. Ондағы бір ғана мақсат-халыққа оңтайлы әрі тиімді әрі ыңғайлы қызмет көрсету.

Бүгінде Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілетін бірқатар анықтамалар қатарындағы деректерді тұтынушылар өз беттерінше лезде-ақ білуге мүмкіндіктері бар. Бұл мүмкіндікті оларға ұялы телефондарға

орналастырылған мобильдік қосымша бере алады. Яғни, бұл Электронды Үкімет порталының өз тұтынушыларына берген тағы да бір зор мүмкіндігі. Бұл ретте бұл аталған мобильдік қосымшаны ұялы телефоныңызға орнатуға, оны пайдалану тәртібін оқытып үйретуге Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері көмекке келе алады. Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлері қазіргі уақытта барлық мекемелерді аралап, Электронды Үкімет порталы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, азаматтардың қалауы бойынша олардың ұялы телефондарына Мобильдік қосымша орнату жұмыстарын ұйымдастырып жүр. Айта кетер болсақ, №3 бөлім қызметкерлерімен Талсуат ауылындағы «Балаларды оңалту орталығы», Қызылорда облысының еңбек саласындағы Бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, «Даму» Кәсіпкерлер үйі мен Тұрғын үй жинақ банкінде болып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп қайтты.

ХҚКО №3 бөлім



милициясы қазақ жерінде сол күйі құрылмай қалды. Сөйтіп жүргенде қазан айында большевиктер билікке келді. Сол кезде Алаш қозғалысының жетекшілері милиция құруға кірісті. Негізгі идеяны Әлихан Бөкейханов айтты. Өйткені ол Ресейдің орталық қалаларындағы саяси процестердің бәрінен хабардар еді.

Азаттық: – 1917 жылы желтоқсанның 5-і мен 13-і аралығында өткен жалпықазақ съезінде талқыланған 10 мәселенің бірі милиция жайы болды. Съезден кейін әскер құру процесі қанша уақытқа созылды?

Болат Мүрсәлім: – Бес-алты айға созылды. Съезд 13 мың 500 адамды милицияға алу қажет деп есептеді. Оны әр облысқа шағып, шығынына дейін есептеді.



20-ғасыр басындағы қазақ зиялылары: бірінші қатарда солдан оңға қарай - Халел Ғаббасов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов; екінші қатарда солдан оңға - Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан, Абдолла Байтасов.

АЛАШ ЖАСАҒЫНЫҢ «АҚ» ПЕН «ҚЫЗЫЛ» АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Осыдан тура 98 жыл бұрын Алаш милициясын құру туралы үндеу жарияланды. Алаш әскері туралы кітапты құрастырушы Азаттыққа ол жасақтың қалай құрылғанын, кіммен соғысқанын айтып берді.

1917 жылы 13 қарашада «Сарыарқа» газетінде Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов бастаған алты адам қол қойған үндеу жарияланды. Үндеу иелері әр жерде «бүлік басталғанын, өштік, дұшпандық күшейгенін» айта келе: «Жанды, малды, қатын-баланы қырғын талаудан қорғайтын күн туды. Кел, алаштың баласы! Талаудан жола қалам десен, өзінді өзін бақ, өз алдына жеке бақылаушы (милиция) жаса!... Құрметті ақсақалдар, көзі ашық оқығандар, 5 декабрьге қарсы Орынборға келе көріңдер, бас қорғаудың қамы – милиция жасауды кеңесеміз» деп жазады.

Азаттық осы үндеу жарияланған 13 қарашаға орай «Алаш автономиясының әскері» деп аталатын кітаптың құрастырушысы, журналист Болат Мүрсәліммен сұхбаттасып, 98 жыл бұрынғы сол үндеудің ақыры қалай болғанын сұрады.

Азаттық: – Алаш қозғалысы жетекшілерінің үндеуінде айтылған милиция құру мәселесі қай кезден бастап сөз бола бастаған?

Болат Мүрсәлім: – Милиция құру идеясы 1917 жылы Уақытша үкімет билікке келгеннен-ақ шықты. Оның алғаш қолға алған жұмыстарының бірі – милиция құру болды. Ол кезде Алаш автономиясы туралы, Алашорда туралы сөз жоқ. Уақытша үкімет қазақ даласындағы әрбір облысқа комиссарларын тағайындады. Мысалы, Әлихан Бөкейханов Торғай облысының комиссары болды. Бірақ Уақытша үкіметінің

Бірақ большевиктер ірі қалалардың барлығын басып алған кезде милиция құрып үлгермей қалды. Көктемде большевиктер шегіне бастағанда қайтадан әскер, милиция жинақтап, оларға әр болыс, әр ауылдан жеке-жеке басшы сайлап, мәселесін жүйеледі. Батыс өңірде, Торғай өңірінде, Семей өңірінде әскер жинақтау жақсы қолға алынды. Ал большевиктер күшейген Жетісу, Сырдария өңірінде біршама кешеуілдеді.

Әлихан Бөкейханов Колчак үкіметімен келіссөз жүргізгенде одан «Алаш милициясы дегендеріңіз не?» деп сұрайды. Сонда Әлихан Бөкейханов «Милиция – ұлттық армиямыз» деп жауап берген. Мен құрастырған кітаптың «Алаш автономиясының әскері» деп аталғаны сондықтан.

Азаттық: – Алаш жетекшілері «Милиция жасағына соғыс өнерін кім үйретеді?» дегенде қазақ әскерилерін айтады. Казактарды Алаш жасағының бастапқы одақтасы деуге бола ма?

Болат Мүрсәлім: – Кенесарының өлімінен кейін қазақта тұрақты әскер болған жоқ. Сондықтан қазақ офицерлерін Алаш милициясын үйретуге шақырды. Қазақ, башқұрт, татар халықтарының большевизмге қарсы күресуіне казактар да мүдделі болды.

Азаттық: – Казактар Орынборда юнкерлер мектебіне қазақ жастарын оқуға алған екен. Сол мектепті бітіріп шыққан қазақ офицерлері болды ма?

Болат Мүрсәлім: – Өкінішке қарай, көп құжаттар сақталмаған. Бірақ юнкерлер мектебін бітірген қазақ жігіттері кейін Алаш милициясында әртүрлі шенде қызмет атқарды.

Азаттық: – Сіз құрастырған кітапта айтылатын Қазы Нұрмұхамедұлы деген офицер сол юнкер мектебінің түлегі ме? Оны алаш әскерінің алғашқы басшысы деуге бола ма?

Болат Мүрсәлім: – Қазы

Нұрмұхамедұлы Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаевтармен бірге Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыған. Сонда алғаш милиция жасақталған кезде әскери жаттығу өткізіп жүреді. Оны нақты юнкерлер мектебі деуге келмес. Семей базарының жанында өтіп жатқан сондай жаттығу кезінде Семейдегі совет өкіметін қолдаушы қарулы топ келіп, Қазы Нұрмұхамедұлын атып кетеді. Кейінгі ғылыми әдебиеттерде оны алғашқы офицерлердің бірі деп айтып жүр.

Сонымен қатар кәсіби әскери адам, Ресей әскерінің құрамында қызмет еткен Сабыр Сарғожин деген азамат та болған. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, көптеген әскери қызметтерге араласқан, ол да Алаш әскеріне шақырылған. Ол кісі Батыс Алашорда, Жымпитыда әскери комиссар, юнкерлер мектебінің қолбасшысы болды деген деректер кездеседі. Ол сол кездің өзінде генерал-майор шенінде болған.

Азаттық: – Алаш жасағының саны қанша еді? Қару-жарағы қандай болды?

Болат Мүрсәлім: – Алашта 5 мыңға жуық әскер жасақталған. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде 12 полк болды деп жазады. 1918 жылдың жазында Самарадағы құрылтай депутаттарының үкіметі 2 мыңдай мылтық, бірнеше пулемет, зеңбірек және екі «Мерседес» жүк көлігін береді. Сондай-ақ Омбыдағы Сібір үкіметі де Алаш әскерін қару-жарақпен, оқ дәрімен қамтамасыз еткен.

Азаттық: – Алаш милициясы «ақтармен» (ақ гвардияшылармен) де, «қызылдармен» (большевиктермен) де одақтасқан. Мұның себебі не?

Болат Мүрсәлім: – Алаш жетекшілері қазақ халқын аман сақтап қалу қағидасын ұстанды. «Большевизмге қарсымыз» деген саяси мәлімдеме жариялап, оларға қарсы кез-келген саяси топ, қарулы күштермен одақ бол-

ды. Солардың бірі – ақ гвардияшылар. Сол себепті Алаш әскері алғашқы кезеңде олармен одақтасты. Семейде жасақталған әскер, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған Торғай әскері де большевиктермен соғысқан. Батыста, Жымпитыда Орынбор төңірегіндегі большевиктермен қақтығысты. Үлкен шайқастардың бірі қазіргі Аягөз қаласынан бастап, Алматыдан асып, қырғыз жеріне дейінгі аралықты қамтыған Жетісуда болды. Алаш әскері 1918-1919 жылдары атаман Анненковтың әскерімен қосылып, Жетісу жерінде большевиктермен қиян-кескі соғысқа қатысты.

Кейін Ресейде пайда болған әртүрлі үкіметтер Алашорданы мойындамаған соң Әлихан Бөкейханов саяси шешім шығарды. Торғай алашордашылары большевиктермен келісімге келіп, ақыры большевиктердің алашордашыларға рақымшылық жасауына ұласты. Ең соңынан большевиктер жағына өткендер – Батыс Алашорда, Семей, Жетісу алашордашылары.

Азаттық: – Алаш жасағының ақырғы кезі деп олардың большевиктерге қосылған сәтін айтамыз ба?

Болат Мүрсәлім: – Бір жайтты ескеру керек. 1919 жылдан бастап Сібір үкіметі Алаш әскерін қаржыландырмай қойды. «Бізді ақша, азық-түлік, киім кешекпен қамтамасыз ете алмай жатыр, әскерді не істейміз, таратамыз ба» дейтін көптеген қатынас хаттары да бар. Көп әскер сол кездің өзінде тарап кеткен. Большевиктер құрамына соңғылары ғана өткен. 1920 жылы наурыз айында Батыс Алашорданы тарату жөнінде қазақ революциялық комитетінің жарлығын Алашорданың тұтасымен тарауы деуге болады. Өйткені 1920 жылға қарай Алашорда өз қызметін толығымен аяқтаған.

Азаттық: – Сұхбатыңызға рақмет.

СПОРТ

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ
БАСЫН ҚОСҚАН ТУРНИР

Өткен сенбі күні Қызылорда облысының БАҚ өкілдері арасында футболдан турнир болып өтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне және Қазақ Хандығының 550 жылдығына арналған доп додасына «Көлжан» ЖШС демеушілік жасады. Жаңалық десе, жар құлағы жастыққа тимейтін журналистер қауымы алаңда ала допты ұршықша иіретінін дәлелдеп те жүр. Оған Сыр журналистерінің республикалық турнирлерден жүлделі қайтып жүргендері дәлел.

«ПҚКР» АҚ кубогі үшін қатысқан 7 команда екі топқа бөлініп ойнап өрнегін көрсеті. Топтық ойындардың қорытындысына назар аударсақ, «А» тобында «Қазақстан-Қызылорда» командасы 9 ұпаймен жеке дара көш бастаса, 4 ұпайды еншілеп үлгерген «Баспасөз қызметі» командасы жартылай финалға жолдама алды. Ал, «Б» тобында жоғары ұпай жинаған «Сыр медиа» командасы мен «Жас тілшілер» келесі кезеңге сүрінбей өтті. Топтық кезеңде аз ұпай жинаған «Сыр бойы», «Меншікті тілшілер», «Қоғам тв» командалары жа-

рысты ерте аяқтауға мәжбүр болды. Финал үшін тартыста «Жас тілшілер» 0:7 есебімен «Қазақстан-Қызылордаға» жол берсе, «Сыр медиалықтар» «Баспасөз қызметі» 3:2 есебімен қапы қалдырды.

Жарыстың жүлделі үшінші орыны үшін алаңда «Жас тілшілер» мен «Баспасөз қызметі» кездесті. Ойынның бітуіне санаулы минуттар қалғанда «Жас тілшілердің» босаңсығанын пайдаланған «Баспасөз қызметі» жауапсыз 3 гол соғып жеңісті жұлып әкетті. Қорытынды есеп 3:1. Әрине, турнирге алғаш қатысып отқан «Жас тілшілер» үшін бұл қуанарлық нәтиже болатын.

Жарыстың ең басты ойыны «Сыр медиа» мен «Қазақстан-Қызылорда» арасында өрбіді. Талас пен тартысқа толы болған кездесуде «Қазақстан-Қызылорда» командасының мерейі үстем болды. Сәл ғана сәттілік жетіспеген «Сыр медиа» екінші орынды місе тұтты. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға ұйымдастырушылар атынан ақшалай сыйлықтар мен дипломдар табыс етілді.

Рыскелді ЖАХМАН

«ЖАС БАРЫСТАР»
ЖАРАП ТҰР

Орал қаласында өткен қазақ күресінен республикалық «Жас барыс» турнирінде жерлестеріміздің мерейі үстем болды. Атап айтатын болсақ, 46 келіде Бақыт Сейілхан, 55 келі салмақ дәрежесінде Бекжан Төлепов пен 60 келі салмақта сынға түскен Райымбек Рентаев жарыс жеңімпазы атанды. Батыс Қазақстан облыстық дене

шынықтыру және спорт баскармасының мәліметінше, айтулы додаға үш жас ерекшеліктері бойынша 16 команда құрамында 350-ге жуық балуан қатысып, шеберліктерін шыңдады. Бірінші орынды Оңтүстік Қазақстан облысы құрамасы иеленсе, екінші орынға Жамбыл облысының палуандары лайық деп танылды. Қызылорда құрамасы 3 алтын, 2 күміс, 5 қола медаль иеленіп, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға табан тіреді.

БАЛҒЫНДАР БӘСЕКЕСІ


Қызылордада бокстан Жалаңтөс Баһадүр бабаны еске алуға арналған республикалық турнир аяқталды. Жарысқа Астана қаласы, Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарынан және Өзбекстан Республикасынан 232 балғары қолғап шебері қатысып, 23 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды.

Төрт күнге созылған жарыс қорытындысында жүлдегерлер мен номинация иелеріне медаль, диплом және естелік сыйлықтар табысталды. «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясымен байқоңырлық Рахымжан Көлекбаев марапатталса, қыздар арасында Алматы облысынан Анар Қожа, ұлдар арасында өзбекстандық Фархад Ешмағанбетов «Ең үздік боксшы» атанды.

ҚУАТТЫҢ ҚУАТЫ
БОЙЫНДА

Джиу-джитсудан жыл сайынғы әлем чемпионатында қазақстандық Қуат Сағиев жеңімпаз атанды. 86 мемлекеттен 4 мыңға жуық спортшы қатысқан додада Қуат суырылып шығып, өз мықтылығын дәлелдеді. «Әр спортшы осы медалды жеңіп алу-

ды қалады. Әркім өзімен алып кеткісі келді, бірақ мені Қазақстан қолдады. Мен әрқашан туымызды биікке көтеруді армандадым, соны жасадым да. Және бұл соңғысы емес деп үміттенемін», - деді чемпион.



АЛЫПТАР ШЫҒАТЫН АУДАН

Қанат Ислам туған Қытайдың Алтай аймағы Қаба ауданынан тағы бір қазақ батыры шықты. Ол бірден кәсіпқой бокста бағын сынап, Филиппин, Тайланд, Қытай елдерінің саңлақтарын сан соқтырып, миллиардтардың назарын өзіне аудара бастаған.

Бұл қазақ батырының есімі Бейсенбі Нәсиоллаұлы. 1994 жылы Қаба ауданында дүниеге келген, - деп хабарлады ҚазАқпарат тілшісі.

Ол биыл Қытайдың ішкі калаларында ұйымдастырылған

азиялық кәсіпқой жарыстарға бес рет қатысып, барлығында жеңіске қол жеткізді. Бейсенбі соңғы жекпе-жегінде тұңғыш рет 8 раундтық бәсекеде қарсыласын 1 минут 20 секундта сұлатып тастады.

Бейсенбі қазір қытайдың ішкі калаларының біріндегі «Жон-Вей» компаниясымен келісім шартқа отырып, Лиябың Дұң есімді филиппиндік бапкердің қоластында жаттығып, шеберлігін шыңдап жүр. Салмағы - 66,8 келі, бойы 180 сантиметр.

Қазір ол жалпы рейтингте осы салмақ дәрежесінде дүние жүзі бойынша 467 орында болса, Қытай елі бойынша 2 орында тұр.

Біз ата-жұртынан алыста жүрсе де, Алаштың абыройын асырып жүрген қандасымызға тек сәттілік жолдас болсын дейміз. Осы қарқынынан таймай, әлемдік додаларда асығы алшысынан түсе беруіне тілектеспіз.

**Бетті дайындаған:
Рыскелді СӘРСЕНҰЛЫ**

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.		Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.		Тапсырыс №878 Таралым 2000

■ e-mail: alash_zholy@mail.ru